

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 310 (2016), 100 – 107

**K.M. Baytanasova, Zh.A.Aimukhambet, M.S.Orazbek**

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana  
[beke-talgat@mail.ru](mailto:beke-talgat@mail.ru), [a\\_zhanat@mail.ru](mailto:a_zhanat@mail.ru), [makpal\\_zere@mail.ru](mailto:makpal_zere@mail.ru)

**CHRONOTOPE OF ART COMPOSITION:  
FEATURES OF PERCEPTION OF EXISTENTIAL TIME**

**Abstract.** At present days in literary studies independent depth study of a literary text, its structure and components are strengthened.

This shows the complexity of the artistic structure of work, extension of the methodology of philological analysis. Existential time is the concept considered to opposite natural time. In human life the sense of spirit of life/existence, questions of reason and understanding are deep. Thus, existential time has to be more important than biological, physical, social and space time.

The aim of the research is to reveal features of categories of time for the purpose of broader consideration of internal art methods of the image of space and time, to make specifications in the text.

Methods of research are analysis, comparison, generalization.

Methodologies of research: first of all, the complex researches had been taken into account in the field of foreign and domestic philosophy, humanists.

Conclusion. The chronotope discloses art unity of the literary work, provides its communication with real life and defines emotional art qualities. In the category of chronotope, together with the general sense, mood of the person, the specifically considered question of the concept and perception of existential time should develop into a deep philological analysis.

Conclusions of the research can serve as a support for students, undergraduates, doctoral candidates during the analysis of the text.

**Keywords:** Chronotope, existential time, works, author, character.

ӘОЖ 84.08.4

**Қ.М. Байтанасова, Ж.Ә. Аймұхамбет, М.С. Оразбек**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

**КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ МЕКЕНШАҚ:  
ЭКЗИСТЕНЦИАЛДЫ УАҚЫТТЫҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Аннотация.** Қазіргі әдебиеттану ғылымында көркем мәтінді тереңдей талдау, олардың құрылымын, компоненттерін дербес қарастыру белең алып келеді. Бұл көркем туынды құрылымының күрделілігін, оған деген филологиялық талдау әдіснамасының кеңейіп келе жатқанын дәлелдейді. Экзистенциалды уақыт – табиғи уақытқа қарама-қарсы алынатын ұғым. Адам ғұмырында тіршілік рухы, ақыл-ес пен таным мәселесінің мәні терең. Ендеше, экзистенциалды уақыт биологиялық, физикалық, әлеуметтік және ғарыштық уақытқа қарағанда маңызды болуы шарт.

Зерттеудің мақсаты – кеңістік пен уақыттың суреттелуінің ішкі көркемдік тәсілдерін кеңейте қарастыру мақсатында уақыт категориясының ерекшелігін ашып, мәтіндік дәйектеулер жасау.

Зерттеу әдісі – талдау, салыстыру, жинақтау.

Зерттеу әдіснамасы – шетел және отандық философия, гуманитарлық саладағы кешенді зерттеулер басты назарға алынды.

Қорытынды. Мекеншақ әдеби шығарманың көркемдік бірлігін, оның шынайы өмірге қатынасын қамтамасыз етеді әрі эмоционалдық-көркемдік сипатын айқындайды. Мекеншақ категориясының ішінде жалпы мәнімен қоса, адамның дербес көңіл-күйі, танымы мен қабылдауындағы экзистенциалдық уақыт мәселесі дербес қарастырылып, көркем мәтіндегі терең филологиялық талдауларға ұласуы тиіс.

Зерттеудегі ой-тұжырымдарды студенттер мен магистранттар, докторанттар көркем мәтінді талдау кезінде тірек ете алады.

**Түйін сөздер:** мекеншақ, экзистенциалды уақыт, шығармашылық, автор, кейіпкер.

Көркем әдебиетке тән құбылыстың бірі – кеңістік пен уақыттың суреттелу ерекшелігі. Музыка, би, сахналық өнермен қатар, көркем мәтін де уақыт созылыңқылығына ие. Лессинг: «Сөз өнерінің орталығында – әрекет тұрады да, олар мезгілдік мән иеленеді», – деген [1,186]. Әдебиетке кеңістік ұғымы да тән. Осы уақыт және кеңістік әдебиет әлемінде аса көпқырлы. Мәселен, уақыт ұғымы өмірбаяндық (балалық шақ, жастық шақ, кемел шақ, қарттық шақ); тарихи (дәуір мен ұрпақ алмасуы, қоғамдағы ірі оқиғалар); ғарыштық (мәңгілік және жаратылыс); күнтізбелік (жыл маусымының ауысуы, қалыпты және мереке күндері); тәуліктік (күн мен түн, таң мен кеш) түрлерге жіктеледі. Сол сияқты бүгінгі, өткен шақ пен болашақтағы әрекеттер де көркем мәтін кеңістігінде көрініс беріп жатады. Зерттеуші Д.С.Лихачев пікірінше: «дәуірден дәуір озған сайын өмір, қоршаған орта туралы түсінігіміз тереңдеп, өмірдің өзгерісі, уақыттың бейнесінің мәні тереңдей түседі де, оның көркем өнердегі сипаты да мәнді, көп қырлы болады» [2,105]. Әдебиетке көп сипатты кеңістік қатысады. Олардың бейнесі ашық, жабық, жер мен көк, ақиқат немесе елестетілген ойдағы ұғым, алыс, жақын тұрғыда болады. Осы әр қилы кеңістікті әдебиет бір-бірімен жақындастырып, бір мезетте тоғыстыра алады.

Әдебиет пен өнер қоғамның рухани мәдениетіндегі күрделі, кешенді құбылыс. Олардың бір-бірімен үздіксіз байланыста болуы, дамуы, өткеннің озығын, бүгінгінің жаңалығын әрдайым қабыстырып отыруы – олардың өміршеңдігін тереңдетіп, эстетикалық-танымдық қуатын өсіреді. Уақыттың өту сипаты, әкелетін өзгерістері жалпыға ортақ болатыны аян. Алайда, оны тану, қабылдау, ой елегінен өткізу – әр адамда түрліше болады. Осы тұста айналадағы құбылыстарды танып-білудің экзистенциалды ерекшелігі ашылады [3,605]. Экзистенциалды уақыт – табиғи уақытқа қарама-қарсы қойылады. Адам ғұмырында өмір рухы, ақыл-ес соншалықты маңызды әрі қымбат, сондықтан оның мәні терең. Ендеше, экзистенциалды уақыт биологиялық, физикалық, элеуметтік және ғарыштық уақытқа қарағанда маңызды болуы шарт. «Уақытты тоқтату» деген ұғым бар. Зерттеуші М.Волошин адамның өмірлік мақсаты – өзінен кейінгіге жаһандық махаббат, сүйіспеншілік қалдыру», – деген [4,105]. Экзистенциалды уақыттың көркем туындыда берілу ерекшелігін жазушы Ғ.Мүсірепов әңгімелерінің арқауында қарастырмақпыз.

Көркем әдебиет – өнердің бір түрі. Қаламгер шығармашылық иесі ретінде өзінің танымы мен шеберлігін жұмсау арқылы тың дүниелер жасауға ұмтылады. Тарихи дамудағы мәнді де кезеңді оқиғалар сілемі адамзат санасына ілгерілеу мен серпіліс әкелген ХХ ғасырда қазақ әдебиеті де кемелдене түскен еді. Осы дәуірде әдебиет әлеміне өзіндік сонылығымен келген тұлға Ғабит Мүсірепов болды. Қазақ әдебиетінің жанрлық толысуына өзінің көпқырлы шығармашылық дарынымен толымды үлес қосқан Ғабит Мүсірепов проза жазды, мерзімді басылымдарға мақала мен очерктер жариялады, пьеса мен деректі және көркем фильмдерге сценарий құрды, аудармамен айналысты, әдебиет пен театр сыншысы ретінде осы салалардың жетістік-кемшіліктерін саралады. Бұл қыруар еңбек Ғ.Мүсіреповтің шығармашылық дүниетанымының кеңдігін айғақтайды [5].

Ғ.Мүсірепов шығармашылығының бір арнасы – әңгімелері. Қаламгер 1954 жылы жазған «Қазақ совет прозасы туралы» мақаласында прозаның дамуына қатысты түйін жасап, әдеби үдерістің беталысын бағдарлап отыратынын байқатады: «Үлкен проза жасау жолындағы бетімізден таймай отыра, прозамыздың шағын саласын да жоғары дәрежеге көтеруді көпшілігіміз болып қолға алуға міндеттіміз. Үлкен еңбек жазу ара-тұра қысқа әңгіме жазуға бөгет болмайды. Қазіргі қысқа әңгіме жазып жүрген жастардың біразы алғашқы буынның тәжірибесінен көз жазып қалып, ұжым болып көтерер істі оңаша арқалап, сынаржақ атқарғандай болып жүр» [6, 87].

Қаламгердің әңгімелері шығармашылығының өзгеше бір көркем дүниесі ретінде үзбей жарық көріп отырды. Жазушы әңгімелерінде күнделікті, қарапайым тіршілікті, үлкен қоғамдық-тарихи, элеуметтік оқиғалармен байланыстырады. Сөйте тұра Ғ.Мүсірепов әңгімелерінің ерекшелігінің бірі – сюжет шағындығы. Жазушының «Ана туралы аңыздары» он үш әңгімені құрайды.

Шығармаларының әрқайсысында аналардың қайсар да намысты, рухы биік болмыстары бейнеленеді. Олар оқиғаның бел ортасында жүріп, белсенді іс-әрекеттерімен көрінеді. «Ананың арашасы» әңгімесінде жазагер отрядтың бастығы офицер Антоновтың бір күндік ойраны суреттеледі. Оның келуімен әбігер, асып-сасу, үрей мен қорқыныш басталады. Есер мінез-әрекетімен елдің топалаңын шығарған Антоновтың қолына түскен Нағима ана ғана абыржымай, тайсалмай, отыз өрім қамшы арқасында жыландай ысылдаса да, жұмған аузын ашпайды. Жазушы жазагер Антонов пен ананың тайталасын бере отырып, әңгіме соңында ана жеңісінің салтанат құрғанын паш етеді. Ананың жүрегі мен жүзіндегі қайсарлық, бала үшін отқа түсуге әзір тас-түйін бейнесі бір сәтте-ақ солдаттар шешімінің өзгеруіне мәжбүр етеді. Нағиманың ерлігі бүкіл ауылдың ар-ұяты мен намысын қорғап, солдаттардың адамшылық қасиетіне қозғау салады. Осы кезде ауылды әбігерге салған Антонов әрекетінен әркім-ақ бой тасалап, қорқыныш пен үрейдің тасасында қалады. Тек, Нағима ғана өзін басқаларға тосқауыл етіп, жазагердің соққысына ұшырайды. Нағима үшін бұл сәт өзінің де, ауылдың да үрейін алған әрекетке қарсы шығып, уақыт ағынына дербес көзқарасын білдіруі еді.

Жазушының «Ақлима» әңгімесі жауынгер хатынан басталады. Хатты тыңдай отырып, Ақлима сан түрлі күйге түседі. Жауынгер Қасымның хаты көз алдымызға біресе соғыс өртіне оранған майданды, біресе жаралы солдаттың жан азабын әкеледі. Жауынгер хатын баяндай келе: «Бұл да бір өмір ғой, апа! Мен бүкіл Отан соғысының тұсында бір-ақ түрлі әнге қосып, бір-ақ ауыз өлең айтып жүрдім», – дейді [7,121]. Әрине, бұл бейбіт өмірді, туған жерді аңсау әні. Бұл әңгімеде бастан-аяқ жауынгер хаты баяндалғанымен, орталық кейіпкер – Ақлима. Ол жүрекжарды, әсерлі хаттың жазылуына себепкер. Оны жазушы «өзі бір шешесімен сырласып өскен, шешесіне жан теңемейтін жігіт екен», – деумен білдіреді [7,122].

Адам баласының өзінің экзистенциалды уақытын сезінуі осы ұғымның терминдік аталымы пайда болғанға дейін енген. 397 жылы А.Августин Блаженный өзінің «Исповеди» («Арылу») еңбегінде бір адамда екі түрлі адам өмір сүретінін көрсеткен: әрекет иесі – сыртқы адам және ішкі адам : «... табиғи, тарихи, оқиғалық уақыт - өткен, қазіргі және болашақ. Осы үш уақыт біздің сезімімізде өмір сүреді. Қазіргі өткен шақ – бұл жады, қазіргінің бүгінгі – бұл тікелей мазмұн, қазіргі (жақын) болашақ – бұл күту» [8,190]. Уақытқа жер бетінен тыс тәңірлік деңгейдегі мәңгілік ұғым қарама-қарсы тұрады. Адам әлеуметтік, биологиялық, ғарыштық уақытын үнемі сәйкестендіре алмайды. «Ақлима» әңгімесіндегі жауынгер хаты - оның анасымен сырласуы. Жауынгер қандай оқиғаны баяндап отырса да, анасын еске алып, онымен ой бөлісіп отырады. Сонда бұл монолог іштей диалог формасына айналады. Хатта баяндалған кеңістік мейілінше тарылған: соғыс, майдан даласы, танк іші, айнала қауіп-қатер. Әрекет су астында, танк ішінде өтіп жатыр. Өлім мен өмір тіресі. Ептілік пен батылдық, шапшаңдық бәрін шешуге тиіс. Тіл қатысуға да уақыт тапшы, қысқа, дәл, аз сөздер. Өйткені, «диалогизмдегі белгілі идея – қазіргі кезде аса мәнді» [9]. « - Бұрылма! Тура тарт! Енді солға қарай! Болды, болды! Енді тік тарт! Ал, оңға бұрыл! – деп, дамылсыз қыпылық қағып, қарсы алдымда құбыланама тұр. Қасымдағы үш жолдасымның көздері де осы бір көбелек қанатының қыпылығындай ғана үмітке қадалып қалыпты. Әр метрді тұтамдап есептеп келеміз! Қауіп қасынан сүйкене өтіп, сүйемдей жерден аман қалуымыз керек. Екі минут... Екі жарым... Екі, қырық... екі, қырық бір... екі, қырық екі... қырық үш... Минут пен минуттың арасы дүниені шыр айналғандай ұзақ жол екенін сағат бетінен бірінші рет сонда көрдім. Танкінің іші көк буалдыр тартып, ішке тартқан деміңнен жылбысқы иісі келе бастады. Тізеге жақындау су да келіп қалыпты. Өңің емес, түсінде әлденеменге малтығып, қозғалыс-қимылың өнімсіз, ділгір бір халге түскендейсің» [5,186].

Уақыттың тарылғаны соншалық минуттар есепке алынған. Уақыт ұғымы көп жағдайда шығармада шешуші мәнге ие. Аздаған мезеттердің өзі мәнді тарихи оқиғалардың өтуіне себепкер болады. Тіпті уақыттың өзі, атап айтқанда, әркімнің экзистенциалды уақыты шығармада орталық мәнді бейнеге айналады.

Әрбір қаламгер шығармашылығында «аяқталған» немесе «аяқталмаған» шығармашылық кезең болады. Ол көбіне желілес туындылары арқылы танылып отырады [10,186]. Мұны қаламгердің ана туралы әңгімелер тізбегінен байқаймыз. Автор өзі суреттейтін кейіпкерлері мен олардың әрекет өрісін шағын ортада құрайтынын айттық. Суреттеу алдымен – көркем кеңістіктің бөлігі. Ол жөнінде Лессингтің трактатына сүйене отырып [1], М.Бахтин де негіздеген. Зерттеуші осыған

байланысты тұжырымдарын «монолог, диалог, полифония» ұғымдары арқылы айқындайды. Осы ретте, зерттеуші төрт түрлі жүйені айқындап береді: 1) мекеншақ сипаты, яғни белгілі бір шығармадағы мекендік-мезгілдік ұғымның қатынасы; 2) кейіпкер мен автордың қатынасы, яғни, олардың көзқарасы, ұстанымы, бір-бірінің баяндауына араласуы немесе дербес баяндау дәрежесі; 3) кейіпкер бейнесінің жартылай, толыққанды, дербес түрде ашылуы, кейіпкердің ұстанымы; 4) кейіпкердің өзгеру дәрежесі, яғни оның басынан кешкені, тағдырының өзгеруі, көріп-түйгені, қалыптасуы [11,126]. Осы жүйенің әрқайсысы қаламгер шығармаларында көрініс тапқанын аңдаймыз. Жоғарыда айтқанымыздай, қаламгер шығармасының сюжеті ықшам болғанымен, ұзақ толғанысқа, тереңдей ойлануға бастап отырады. Оның басты себебі жазушы көтерген тақырыптардың көпке ортақ, белсенді, ұғымды мәселелерді көтеруінен болса керек. Мәселен, автор шығармалары қазақ даласындағы немесе адамзат тарихындағы мәнді тарихи оқиғаларды арқау етеді. Сол мәселелерді шағын шығармаларындағы нақты сюжетке құрады. «Ананың арашасы» әңгімесіне арқау болған оқиға төңкеріс алдындағы аласапыран кезге арналған. Қазақ жерінде Нағиманың басынан өткен жағдай көп кездесті. Ақтар тұтас ауылды қан жоса етіп, ойрандап кетті. Ал, қызыл әскерді, баласын жасырған ана бүкіл ауылға арналған жазаны бір өзі көтерді. Ана ауылды жазадан арашалап қалды. Ендеше, бұл ананың өз-өзін қорғап, арашалауы емес, бүкіл ауылға араша тұруы еді. Автор көзі ұшқын атып, тістеніп алған ананың қайсарлығы мен оны қамшы астына алған Антонов тайталасын көпке ортақ ете суреттейді: ауыл, жазагер отряд, Антонов, Нағима. Оқиға осы сәттен үзіледі. Антоновтың озбырлығына шыдамаған солдат оны жер құштырады. Осы сәттен бастап, шиеленісіп тұрған оқиғаның шешімі табыла кетті. Тек жазагер ретінде суреттелген солдаттар арасынан анаға араша бола алғандар табылды. Сөйтіп, солдаттардың шешімі олардың мінез-сипатын да, әрекетін де басқа арнаға бұрып жіберді. Уақыт олардың әрқайсысында өмір, тіршілік, ар, адамшылық деген сезімдердің бас көтеруіне жол ашты. Әркімнің ойында үрей, аяныш, намыс, қорғау, күрес сияқты ұғымдар тоғысты. Ауыл адамдары Нағимаға қарай жүгірді. Бұл мәтіндегі сюжеттік бағытты өзгертіп, оның аяқталуының ерекшелігін аңдатып тұр. Мәтін автордың ойын объективтендіріп, шығармашылық және адам мен қоршаған дүние туралы толғанысын сыртқа шығарып, автор санасынан да тысқары адам баласының жетістігіне айналады [12,48]. Осы тұрғыдан келгенде, мәтін оқшау дүние емес, ол мәтіндік компоненттердің бірегейі болмаса да, негізгісі. Оның құрылымын мәтіннен басқа, мәтіннің авторы (мәтіннің адресанты), оқырман (адресат), бейнеленетін шындық, тілдік жүйе құрайды. Мәтіндік қызмет – күрделі де көп компонентті, психологиялық-интеллектуалдық қарым-қатынасты көрсетеді.

Зерттеуші Л.Г.Бабенконың көрсетуінше, мәтінді қабылдаудың өзіндік ерекшелігі бар. Ол мәтіннің болмысынан туындайды. Мәтінді қабылдау екі сатыдан тұрады. Олар: материалдық белгілерді тікелей қабылдау; тілдің образдық белгілері арқылы мазмұнды қабылдау [13]. Мәтінде баяндаудың композициялық-тілдік формасының екі базалық негізі – автор сөзі мен кейіпкер сөзі дараланып көрінеді. Негізінен алғанда, автор туындысына өзі баяндаушы болады. Ол шығармадағы оқиғаның ретін, кейіпкерлердің көріну тәсілдерін, шығарма тілінің көркемдігін қамтамасыз етеді. Автор кейде шығармасында өзі жасаған шындық элементімен бірігіп, біртұтас дүние болып кетеді. Баяндау құрамына шығарма авторы, кейіпкер, олардың арасындағы қарым-қатынас, шығарманың белгілі бір мезгілдік, кеңістік және экспрессивтік тұрғыдағы бағдары енеді [14,78]. Бұлардың бәрі бірлікте бола отырып, автордың идеялық-эстетикалық көзқарас-қатынасын білдіреді. Мәтіндегі монолог кейіпкердің нақты бір ұстанымын айқындайды.

Көркем мәтіндегі баяндаушының сипаты түрліше болады. Солардың бірі – баяншы-бақылаушы. Баяншының бұл түрі ешқандай кейіпкермен тікелей байланыста болмайды. Кейіпкердің ішкі әлемін ол өз атынан баяндайды. Осы ретте баяншы тыңдаушыға түсінікті болатын шекке дейінгі көріністі, сезім-күйді ғана береді. Баяншының бұл сипатын біз қаламгердің «Айгүл қойшының бір күні» әңгімесінен байқаймыз. Әңгіме бір тәуліктегі оқиғаға құрылған. «Қалай есептесең олай есепте, әр тәулікте жалқау жылжыған жиырма төрт сағат уақыт бар. Ол көңіл аударары көп қала уақыты емес, көз тартары жоқ дала уақыты. Үнсіз өтіп жататын уақыт. Айгүл өмірінің жиырма жылды осы үнсіздікте өтіп келеді. Ол дала үнсіздігі, қой үнсіздігі. Астындағы атына ғана, қасындағы итіне ғана тілдесер жауапсыз үнсіздік» [5,236]. Мұнда ата кәсіпті өзіне серік еткен Айгүлдің бір тәуліктегі тірлік-қаракеті баяндалады. Мұнда уақыт пен кеңістік мөлшерлеп берілген. Алайда, бұл Айгүлдің бір күні ғана емес, бүкіл тіршілігі, кәсібі. Соның бір үзінгі суреттеп отырғанымен, бір

тәулік астрономиялық шектеуліктен де кең жатыр. Бұл Айгүлдің тұтас өмірі, дағдысы, болмысы. Дала үнсіз болғанымен, Айгүл үнемі әрекет үстінде. Баяншы-бақылаушының функциясына енетін тағы бір сипат – оның кейіпкерінің көңіл-күй ауанын, мимикасын, табиғат суретін, әрекетті неғұрлым баса көрсетеді. «Резеңке етігі біресе күрк етіп қалып, біресе күмп етіп қалып Айгүл де келеді. Бүгін күн бойы, түн бойы, ертең күн бойы осылай жылжи бермек. Жылы қашар, жайлы орынға ертең кешке ғана жетер. Оған дейін отар да, Айгүл де, шиыршық атып келе жатқан жирен бесті де шыдауға тиісті. Сол жайлы орынға жеткенше Айгүлдің әні де үзілмеуі керек» [5,237]. Әңгімедегі уақыт пен кеңістік кейіпкердің болашаққа деген ұмтылысын, бағыт-бағдарын, бір сарынды өмірін, қарама-қайшылыққа толы заман ағымын да зерделейді. Автор әңгімелерінде үндес оқиғалар арқылы өмірдің ащы-тұщы, сәтті-сәтсіз болып алмасып жататын жақтарын көрсете отырып, терең көркемдік байлам жасайды. Ол байлам – адамзат рухының, аналар рухының қандай жағдайда да берік, өміршең болатындығы. Ғ.Мүсірепов әңгімелеріндегі аналар басынан өткен ауыртпалық, талай ана-әйелдің, қалың бұқараның басынан өткен-ді. Сондықтан жазушы «мақтасақ – әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел-ана барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе?! – деп тиянақтаушы ой айтып отырады [5,74]. Жазушы қолданған бейнелі сөз шығарманың идеялық мазмұнын ашып, мазмұн мен түр аралығындағы үйлесімділікті туғызады. Табиғат суретін беруде ақын-қаламгерлер сан түрлі бейне тапқаны мәлім. Әрі олардың көбі тұрақталған, нақты сипаты бар балама бейне, яғни символ. Сонау фольклордан бастап түрлі табиғат құбылыстары құс, өсімдік, мезгіл, жеміс бейнесінде алынады. Оның астарында адам ғұмырымен үндестік жатыр.

Қаламгер «Ананың арашасында» «Салпы етек, жылауық күз емес, гуілдеген желді күз еді», - дейді [5,99]. Мұндағы жел – өзгерісті, яғни ел ішіндегі толқу мен күресті бейнелейді де, бұл әрі қарайғы әңгіме сюжетінде өріледі. Ал, әңгіме соңындағы күннің шоқтай болып шығып келе жатуы, болашақты, жаңа өмірді, адамның алдағы үмітін бейнелейді. Яғни жел, күн, жаңа өмірмен үндестірілген бейнелер – тіршіліктің қозғаушы күштері. Экзистенциалды уақыт – бұл адам санасының өзінің ішкі әлеміне терең бойлауы, оның дербес уақыты, ешкімге аша қоймаған ойы, сезімі, күйі. Бұл уақыт кейде табиғатпен астастырыла береді. Уақыт ешкімге тәуелсіз ұғым. Оны ешкім асықтырып немесе тоқтата алмайды. Алайда, адам санасы, ойы уақытты бойлай, ілгеріге жылжыта немесе кері шегере алады, кейде өз ойына матап та қояды. «Осылай кейде ермек үшін ескі аңыздарды еске алып, кейде бүгінгі мен ертеңіні қосақтай ойлап Айгүл келеді. Күн жылы, су жылына бастаған. Туғанына бір-ақ жеті болған жас қозылар жас баладай әлсіз де аянышты маңырайды. Шаршаған бақырлар жатып демалғысы келеді. Бірақ ол демалысқа дейін екі күн, бір түн бар. Ол осы кешпе суда өтетін күн, ол осы кешпе суда өтетін түн» [5,240]. Бұл уақыт (екі түн, бір күн) Айгүлге де, жас қозыларға да сын болмақ.

Экзистенциалды уақыт адам ойына түрткі салып отырады. Кейде экзистенциалды уақыт адам санасын жаңа сапаға, жаңа деңгейге көтереді де қазіргі уақыттан гөрі адамға өткені жақын болады. Сол мезетті ойша аралаған адам бір жасап қалады. Ол кейде түс арқылы орындалып жатады. Күн, ай, жыл адамның көңіл-күйімен өріліп отырады.

Өнер туындысы – адамның айырықша дарын-қуатының нәтижесі. Әдебиет өнер түрлерінің ішінде ерекше орын иеленеді. Бұл өнер түрінің бірегей ерекшелігі - адамның сөйлеу, тілдік ерекшелігінен тұрады. Өнердің тағы бір маңызды қасиеті – сұлулықты түсіну. Сұлулық түсінігі табиғат пен өнерде бірдей емес. Табиғатта негізінен көзге ұратын сырт сұлулық мәнді. Ал, өнердегі сұлулық көбіне, заттың ішкі сапа-қасиетінде болады. Әдебиетте әрбір сөз, сөз тіркесі, үзінді, фраза, тармақ, кідірістің рөлі үлкен. Әдеби шығармада айтылған сөз де, айтылмай, меңзелген, ишараланған сөз де маңызды. Мәселен, неміс философы Мартин Хайдегер (XX ғасыр): «Тіл үнсіз бола алады. Адам алдымен ақиқатты танып-біледі. Сосын барып алғашқы сөзді айтады», - деген [15,190]. Көркем деталь – шығармадағы белгілі бір бейне, әрекетті толық, жете танытуға көмектесетін құралдардың бірі. Деталь - көркемдік бүтіндік секілді маңызды элементтердің бірі. Қаламгер көркем детальді қолдану арқылы өзі суреттеп немесе баяндап отырған мәселенің маңызды бір бөлігіне оқырманның назарын аударады. Көркем деталь авторлық бағалаудың бір түрі, ол кейіпкердің ішкі болмысының, бейнелеудің толыққанды ашылуының себепшісі [16].

Көркем деталь түрлері: сөздік деталь, портреттік деталь, заттық деталь, психологиялық деталь, пейзаждық деталь, көркемдік жинақтау деталі. Қаламгердің «Ашынған ана» әңгімесінде ананың

басынан кешкен қиындығын баяндауы портреттік, детальдік сипаттармен толықтырылып отырады. «-Қонайын деп едім,-деп есіктен бір жалба-жұлба әйел кіріп келді. Жағы суалған. Бет-аузын айғыздап тілген әжім маңдайы мен екі көзінің құйрығында түйісіп жұлдызданып тұр. Ағарған әжім сызықтарының әрқайсысы бір-ақ тілектің ізі екенін ешкім аңғарған жоқ. Жарылған еріндерін тас жұмып алып, үй иесіне от шашқан қара көзін қадады да, жауап күтті.

Жырым-жырым жеңінен білегіне дейін көрінген қайыстай қап-қара қолын көсеу ме дерсің. Мүйіздей қара саусағының біріндегі күміс сақина өзгеше жарқырап көзге ұрады.

Көгендегі қозыдай болып отқа төніп отырған балалар қорқып, кейін шегініп кетті» [5,101].

Үзіндіде тосыннан кіріп келген адамның портреті берілген. Мұндағы түр-түсінің қорқыныштылығы, көп азап көрген әйелдің болмысын суреттеудің арасындағы «әжім сызықтарының әрқайсысы бір-ақ тілектің ізі», «от шашқан қара көз», «күміс сақина» деген сөздер арқылы бұл әйелдің қиындық пен бейнеттен шалдықпаған, қайратты, жігерлі жан екенін аңғартады. Ананың жеке басынан өткен экзистенциалды уақытына тыңдаушылардың бәрі ортақ болды. Алғаш әйелді көргенде қорқып кеткен балалар енді әйелдің басынан кешкенін тыңдай отырып, оған жақындап, тізесіне сүйеніп, таңқала тыңдап қалады: «Іргеге бұққан балалар қозғала-қозғала әйелдің қасына келіп, тізесіне де асылып, аузын да қарап қалыпты. Манадан бері «балам» деген сөзді әйел осы балалар жайында айтып отырғандай» [5,111]. Оның себебі, баласы үшін үлкен әрекетке барған ананың батылдығы, қайсарлығы еді.

Өмірдегі экзистенциалды уақыт – бұл адам сезімінің басқа әлемде саяхат жасауы. Бұған түрткі болатын – түс, транс, медитация, күшті ішкі сілкініс, жеке қатастрофа [17, 98]. Қаламгерге экзистенциалды уақыт маза бермейді. Кейде уақыт адам жадында мәңгі орнығып қалады. Жатты жақындатады, алысты көз алдыға әкеледі. Шынайы уақыт пен экзистенциалды уақыт арасындағы айырма айқындалып, адам баласын ұзақ ойға, өткенін еске түсіріп, алдағыны болжауға итермелейді. «Кейде ақынның балалығына таң қаларсың, кейде ақынның даналығына таң қаларсың. Ақын – қыран, қияға да қонады, ақын – адам, далаға да қонады. Ақын бойын да жасыра алмайды, ойын да жасыра алмайды. Ақын жаны оңай жараланады, оңай жазылады, емі көп. Ақын жүрегіне кек тұрмайды. Кек тұрса қақ тұрғаны. Қақ тұрған жүрек – тот басқан асыл, одан берекелі үн шықпайды. Ақын – заман, бір күндік те емес, бүгіндік те емес. Оның кешегісі – бүгіндік, бүгінгісі – ертеңдік. Ақын бойына адамгершілік ғана жарасады. Екеуінің біреуіне ақау түссе, алдымен ақындық өледі...» [5,45].

Бұл шығармасын жазушы поэма деп атаған. Себебі осы шағын хикаяттың табиғаты осылай атауға себеп болған. «Кездеспей кеткен бір бейне» деп аталуының өзі бұл шығармаға әуезділік, романтикалық сипат үстеп тұр. Шығарма Сәкен туралы. Кейіпкер Еркебұлан ақын, әнші, өнерпаз жан. Ол өзінің жан дүниесіндегі буырқанған сезімді тұсаулайтын, заманының күрделі жағдайларына тап болғанда тығырықтан шығаратын - ақындықтан дауа табады. Ақындық Еркебұланға күш-қуат, алдағы күндерге сенім береді. Қаламгер ақын адамның өзгеге ұқсамайтын болмысын шығармасында анықтап отырады. Бұған жоғарыда келтірілген үзінді куә. Шындығында да ақын көңілі өзгеріске, өзгеше құбылыстарға жақын. Өзі тап болған жайттардан үнемі бір өзгешелік, ақындыққа нәр беретін қуат тауып отырады. Ақын қапаста отырған мұңды сәтінде де көңіліне дем беретін жұбаныш таба біледі. «Біраздан бері түрме терезелерінен көз алмай бір жас қыз өтетін болды. Басында оң жақ шекесіне қарай аз ғана қисайта киген үкілі қара тақия, үстінде қара мақпал жеңсіз бүрмелеген қос етек ақ көйлек. Қарлығаш па деп қалғандай екенсің... Бойшаң да талдырмаш... Қарақат көздері мөлдіреп қарайды. Ақ жүзінде мұң бар, ақ қағаздай тазалық бар, ой бар» [5,65]. Осы бейне Еркебұланның суреттеуімен берілген. Бұл оның бір кездесіп ғайып болған бейнесі. Қыздың бейнесінен қапас тірліктің тұтқыны болып отырғандарға деген жанашырлығы байқалады. Бұл тұста экзистенциалды уақыт түрмеде отырғандарға да, терезе алдынан өтіп жүретін қызға да ортақ. Екі мекендегілер де уақыттың өтуін, сол арқылы келетін бір өзгерісті зарыға күтуде. Сол зарыққан күй, аңсар орындалып та қалады. «Ақын заманына ырза, заманы ақынына ырза біраз жылдар өтіп кетіпті. Заман тас іргесін қалап алып, енді қат-қабаттап биіктеп барады. Айбынды, айбатты заман. Ақын мылтығын тастағалы да, мылтықтан кейін қолтығын керген сары сапиян портфельді тастағалы да едәуір жылдар өтіп кетіпті. Бұрын сал бөкселеніп, шұбатылып өтетін айлар мен жылдар от арбадай заулап өтіп жатыр. Шәкірттер өсіп қанат қақты. Аға ақынның жауапкершілігі молая түсті. Заманын от арбаға, адам ойының өсуін

аспанға ұшумен теңейтін ақынның өз өлеңдері де уақыт тілегін толықтыра түсіп жатыр» [5,95]. Уақыттың мәні, ауыспалылығы кілт жылдамдап кетеді. Ақынның болмысы, эмоциялық көңіл-күйі өзгере бастайды. Шығарманың негізгі идеясы, түйінді ойы осы үзіндіден байқалады. Ақынның қарбалас істердің ортасында жаны байыз таппай жүрген кезін көрсетеді. Оның қандай да игілікті істері келешекке арналған. Енді өзіне, өз ісіне ғана емес, ізінен ерген шәкірттеріне деген жауапкершілік қосылды. Ақын өлеңдері де ұштала түсті. Сол ұшқырлық пен серпілісті енді ақын шәкірттерінен де күтеді. Сюжетті құрайтын оқиға өзара түрліше деңгейде байланысады. Көп жағдайда сол шығарманың өзегін құрайтын оқиға басымдық иеленеді де, сол әрі қарайғы оқиғаның негізін, жүйесін ұстап тұрады. Мұндай сюжетті бірыңғай, орталық оқиғаны құрушы дейміз [18]. Бұл ерекшелікті қаламгер Ғ.Мүсіреповтің аналар туралы шығармаларынан көреміз. Қаламгер әр шығармасында өзінің түпкі ойын шағындап, сыналап беріп отырады. Ол жинала келе тұтасып, бүтін бір өзекті, орталық идеяға айналады да, осыдан жазушының ұстанымы туады [19]. Мекеншақ әдеби шығарманың көркемдік бірлігін, оның шынайы өмірге қатынасын қамтамасыз етеді әрі эмоционалдық жағынан бейнелі болады. Бірыңғайлы, бір жүйедегі сюжеттен көп салалы сюжет өрбіп отырады да, ол уақыттың немесе мекеннің сипатына әсер етеді [20,48].

XX ғасырдағы қазақ прозасы заман мен адам құбылысының терең сырларына бойлай отырып, олардың арасындағы диалектикалық үндестік пен қарама-қайшылықты қатынасын көркем шығармаға өзек етті. Қазіргі ғылым рухани әлем үш негізгі құбылыстан: мінез-құлық актісінен; сезінген субъективті пайымнан; психикалық құбылыстан тұрады деп дәлелдесе, бұл адам болмысының айнала қоршаған ортаға, онда өтіп жатқан уақыт өзгерісіне әр түрлі көңіл-күймен, зердемен келетінін айғақтай түседі.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Лессинг Г. Воспитание человеческого рода // «Лики культуры»: альманах / Пер. М. Левиной. — М.: Юристъ, 1995.
- [2] Лихачев Д.С. Очерки по философии художественного творчества. —СПб.: Высшая школа, 1999. — 190 с.
- [3] Новая философская энциклопедия. М.: Мысль, 2010.- 780 с.
- [4] Волошин М. О самом себе. // Воспоминания о Максимилиане Волошине. Сборник.- М.: Советский писатель, 1990—720 с
- [5] Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы, 2001.-245 б.
- [6] Мүсірепов Ғ. Суреткер пәрызы. —Алматы Жазушы, 1978.-308 б.
- [7] Мүсірепов Ғ. Таңдамалы үш томдық шығармалар. — Алматы: Жазушы, 1980. — 270 б.
- [8] Августин А. Исповедь. История моих бедствий. М.: Республика, 1992.-336 с.
- [9] Гусев В.И. Память и стиль. Теоретическая критика. М.: Прогресс, 1981.-280 с.
- [10] Хализев В. Теория литературы. М.: Высшая школа, 2000.-398 с.
- [11] Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. —М.: Художественная литература, 1975.-504 с.
- [12] Ақшопақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. — Алматы: Ғылым, 2001. — 338 б.
- [13] Бабенко Л.Г. Лингвистический анализ художественного текста. —Екатеринбург: изд-во Уральского гос. ун-та, 2005. — 496 с. Хайдегер М.
- [14] Шеффер Ж.М. Что такое литературный жанр? —М.: Едиториал УРСС, 2010.-192 с.
- [15] Хайдегер М. Исток художественного творения. — М.: Академический проект, 2008.-334 с.
- [16] Жирмунский В.М. Введение в литературоведение. Курс лекций. —М.: Едиториал УРСС, 2004.-464 с.
- [17] Лотман Ю.М. Об искусстве. —С-Пб: Искусство-СПб, 2005.-704 с.
- [18] Эпштейн М. Природа, мир, тайник Вселенной. —М.: Прогресс, 1990.-178 с.
- [19] Тюпа В.И. Анализ художественного текста. — М.: Академия, 2006. —336 с.
- [20] Майтанов Б. Көркемдік нәрі: Әдеби-сын мақалалар. — Алматы: Жазушы, 1983. — 184 б.

#### REFERENCES

- [1] Lessing G. Vospitanie chelovecheskogo roda // «Liki kul'tury»: al'manah / Per. M. Levinoj. — M.: Jurist#, 1995.
- [2] Lihachev D.S. Oчерki po filosofii hudozhestvennogo tvorchestva. —SPb.: Vysshaja shkola, 1999. — 190 s.
- [3] Novaja filosofskaja jenciklopedija. M.: Mysl', 2010.- 780 s.
- [4] Voloshin M. O samom sebe. // Vospominanija o Maksimiliane Voloshine. Sbornik.- M.: Sovetskij pisatel', 1990—720 c
- [5] Qirabaev S. Ylt tәuelsizdigi zhәne әdebiet. Almaty, 2001.-245 b.
- [6] Mүsirepov F. Suretker paryzy. —Almaty: Zhazushy, 1978.-308 b.
- [7] Mүsirepov F. Taңdamaly ysh tomdyқ shyғarmalar. — Almaty: Zhazushy, 1980. — 270 b.
- [8] Avgustin A. Ispoved'. Istorija moih bedstvij. M.: Respublika, 1992.-336 s.
- [9] Gusev V.I. Pamjat' i stil'. Teoreticheskaja kritika. M.: Progress, 1981.-280 s.
- [10] Halizev V. Teorija literatury. M.: Vysshaja shkola, 2000.-398 s.

- [11] Bahtin M. Voprosy literatury i jestetiki. –M.: Hudozhestvennaja literatura, 1975.-504 s.  
[12] Ақшоларов Т. Көркем шығарманың jestetikalyқ tabiraty. – Almaty: Fylym, 2001. – 338 b.  
[13] Babenko L.G. Lingvistichestkij analiz hudozhestvennogo teksta. –Ekaterinburg: izd-vo Ural'skogo gos. un-ta, 2005. – 496 s. Hajdeger M.  
[14] Sheffer Zh.M. Chto takoe literaturnyj zhanr? –M.: Editorial URSS, 2010.-192 s.  
[15] Hajdeger M. Istok hudozhestvennogo tvoreniya. — M.: Akademicheskij proekt, 2008.-334 s.  
[16] Zhirmunskij V.M. Vvedenie v literaturovedenie. Kurs lekcij. –M.: Editorial URSS, 2004.-464 s.  
[17] Lotman Ju.M. Ob iskusstve. –S-Pb: Iskusstvo-SPB,2005.-704 s.  
[18] Jepshtejn M. Priroda, mir, tajnik Vselennoj. –M.: Progress, 1990.-178 s.  
[19] Тјупа V.I. Analiz hudozhestvennogo teksta. – M.: Akademija, 2006. –336 s.  
[20] Majtanov B. Kөrkemdik näri: Әdebi-syn maқalalar. – Almaty: Zhazushy, 1983. – 184 b.

**К.М.Байтанасова, Ж.А.Аймухамбет, М.С.Оразбек**

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева

### **ХРОНОТОП ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ: ОСОБЕННОСТИ ВОСПРИЯТИЯ ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНОГО ВРЕМЕНИ**

**Аннотация.** В настоящее время в науке литературоведение усиливается независимое глубокое исследование художественного текста, его строения, компонентов. Это доказывает сложность строения художественного произведения, расширение методологии филологического разбора. Экзистенциальное время – понятие, рассматриваемое противоположно природному времени. В жизни человека смысл духа жизни существования, вопросов разума и понимания глубоки. Таким образом, экзистенциальное время должно быть важнее биологического, физического, социального и космического времени.

Цель исследования – раскрыть особенности категорий времени с целью более широкого рассмотрения внутренних художественных методов изображения пространства и времени, сделать уточнения в тексте.

Методы исследования – анализ, сравнение, обобщение.

Методологии исследования – в первую очередь были приняты во внимание комплексные исследования в области зарубежной и отечественной философии, гуманитарии.

Заключение. Хронотоп раскрывает художественное единство литературного произведения, обеспечивает его связь с реальной жизнью и определяет эмоционально-художественные качества. Внутри категории хронотопа вместе с общим смыслом, настроением человека, особо рассматриваемый вопрос о понятии и восприятии экзистенциального времени, должен перерасти в глубокий филологический анализ.

Умозаключения, выводы исследования могут служить опорой для студентов и магистрантов, докторантов в ходе анализа художественного текста.

**Ключевые слова:** хронотоп, экзистенциальное время, творчество, автор, персонаж.